

**Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім  
бөлімінің «5 жалпы білім беретін мектебі» КММ  
Қамқоршылық кеңес отырысы  
хаттамасы №5**

Өткізілген күні: 24.05.2022ж

Қатысқандар: мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңесі мүшелері, ата-аналар комитеті, мүшелері

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесі мүшелерімен жүргізілген жұмысының талдауы

2. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру

3. 2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы

4. Әр түрлі мәселелер

Мектеп директоры А.Т.Абдуалиева мектептің Қамқоршылық кеңесінің отырысында оқу жылының соңында жыл бойы атқарылған жұмыстар бойынша айта келе, 2021-2022 оқу жылындағы оқу - тәрбие бойынша атқарылған жұмыстарына қорытынды жасап есеп берді. Екінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Ибраева А.С 2021-2022 оқу жылында жазғы мектепті ұйымдастыру туралы өзгерістер бойынша түсінік берілді. Жазғы мектеп – 26 мамыр - 17 маусым аралығында барлық тілек білдірген білім алушылар үшін ата-аналарының өтініші бойынша оқыту сапасын арттыру және шектеу шаралары кезеңінде білімдегі жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында ұйымдастырылатындығы туралы айтылды. Сабақтың кестесі, пән кабинеттері, санитарлық нормалар жайында таныстырып өтті.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шакижанова А.К 2022-2023 оқу жылында мектеп формасының түсі қою қара көк болып өзгертілетіндігі туралы айтылды. 1.1. Ұл балалар үшін мектеп формасы: қою қара көк түсті пиджак, классикалық үлгідегі шалбар (еркін тігілген және тобықты жауып тұратын болу керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Ұлдардың шаш үлгісі қысқа, классикалық үлгіде болу керек. Шашты тықырлап алуға, тұлым қоюға тыйым салынады. 1.2. Қыз балалар үшін мектеп формасы: қою көк түсті пиджак, юбка немесе сарафан етек ұзындығы тізе тұсында (ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары немесе төмен болмауы керек), мерекелік ақ жейде, күнделікті бірыңғай көк түсті жейде. Қыздарға арналған шалбар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұру қажет. Қыздардың шаш үлгісі түйіліп жиналған немесе өрілген болу қажет. Қыз балалардың денсаулығын алдын алу мақсатында, мектепке биік өкшеде туфли киюге, бет әрлейтін заттарды қолдануға рұқсат етілмейді. Сондай-ақ көлемді сырға, моншақ, белдемше тағуға тыйым салынды.

Әлеуметтік педагог Касенова А.С сөз алып биылғы оқу жылына қала

сыртындағы "Жас Қапат" сауықтандыру орталығына аз қамтылған төрт оқушыға жолдама берілетіндігін айтты.

№	Оқушының аты, жөні	Сыныбы	Статусы
1	Аманбекова Лунара 1сезон	8Ә	Аз қамтылған
2	Қыланбеяна Макка 2сезон	4Б	қамқорлықта
3	Қыланбеяна Мадина 2сезон	5А	қамқорлықта
4	Карамхан Шыңғыс 3сезон	7Ә	қамқорлықта

«Күншуақ» демалыс орталығының 3 маусымдағы қатысатын оқушылар санын, жұмыс жоспарымен танысытырып өтті. Демалыс лагері 01.06-29.06 аралығында өткізілетіндігі айтылды.

Отырыс соңында мектептегі әр түрлі мәселелер жөнінде кеңес мүшелеріне сөз берілді. Жазғы уақыттағы оқушылардың қауіпсіздігіне бақылау жасау керектігі туралы айтылды.

Шешім:








1. 2021-2022 оқу жылындағы мектептегі оқу – тәрбие жұмыстары есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Жазғы мектеп – 26 мамыр - 17 маусым аралығында барлық тілек білдірген білім алушылар үшін жүйелі ұйымдастырылып өткізілсін.
3. 2021-2022 оқу жылындағы оқушылардың мектеп формасы туралы ата-аналарды хабардар етіп, ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін. Қала сыртындағы лагерге оқушылардың қатысуын ұйымдастыру әлеуметтік педагог А.С.Касеноваға жүктелсін.
4. Жазғы уақыттағы оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау ата-аналар жауапкершілігіне жүктелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы



Кайпбергенов Б.К

Мүшелері:

Нуркайланова С. К.   
Нөкербекова А.К.   
Шоянов Қ.О.   
Нұрдос К.М.   
Макметов К.К.   
Ахметжанова И.К.   
Кенжебекова А.М.   
Каримова А.Е. 